



**Жамбыл нотариаттық  
округы нотариустарына.**

**Құрметті әріптестер!**

Жамбыл облыстық нотариаттық палатасы баршаңызды ұлыстың ұлы күні, көктемгі жаңару мерекесі - **Наурыз-мейрамымен құттықтап**, мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке, мол дастархан тілей отырып, Сіздерге мына маңызды ақпаратты жеткіземіз.

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңына сәйкес **Наурыз-мейрамы** үш күн атап өтіледі: **21, 22 және 23** наурыз күндері. Еңбек заңнамасы талаптарына сәйкес мереке күндері демалыс күндері болып есептеледі және мереке күні демалыс күнмен тұспа-тұс келген жағдайда демалыс күннен кейінгі жұмыс күні демалыс күні болып табылады. ҚР Еңбек кодексінің 85 бабының 3 тармағына сәйкес, мереке күндері кезінде жұмыс уақытын тиімді пайдалану мақсатында Үкімет демалыс күндерін басқа жұмыс күндеріне ауыстыруға құқылы. 2024 жылғы 23 наурыз сенбі күні болғандықтан, Үкімет қаулысымен **23 наурыз сенбіден 25 наурыз дүйсенбіге ауыстырылады.**

Осыған сәйкес Жамбыл облыстық нотариаттық палатасы қатарынан **5 күн демалады: 2024 жылғы 21, 22, 23, 24 және 25 наурыз күндері.**

Нотариаттық палата аппараты қызметкерлеріне барлық сұрақтарыңызды 2024 ж. 20 наурыз күнгі сағат 17.30-ға дейін жолдауларыңызға болады.

**Жамбыл облыстық  
нотариаттық палата  
төрайымы**

**Сыргабаева Л.К.**